

Жүрегімнің жыры сенсің, Арқалық!»

Биыл қаламыздың 65 жылдығын атап өттік. Осыған орай қала күніне облыстық №2 ғылыми әмбебап кітапханасының абонемент бөлімі «Жүрегімнің жыры сенсің, Арқалық!» атты кітап көрмесін ұсынады.

Мақсаты : тұрғындарға қала туралы, оның сұлулығы мен тыныс-тіршілігі, халқы жайлы айту, сондай-ақ, жас ұрпақтың бойында елімізге деген патриоттық және сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу болып табылады.

Хабарлама күнінде Арқалық гуманитарлық колледж студенттері аталған көрмемен танысты, оларға Арқалықтың тарихы және біздің керемет жерімізде өмір сүрген, өмір сүріп жатқан таңғажайып адамдар туралы кітаптар ұсынылды.

